

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі N 429 қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 қаңтардағы N 87 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 қарашадағы N 1394 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 тамыздағы N 1260 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.08.27. N 1260 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатында, жеке басын куәландыратын құжаттарда және басқа да ресми құжаттарда елдің ағылшын тіліндегі атауының бірыңғай жазылуына қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) *(күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен);*

2) "Қазақстан Республикасында шетел азаматының тұру ықтиярхаты мен азаматтығы жоқ адамдардың куәлігінің үлгілерін (сипаттамасын) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 қаңтардағы N 87 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 16, 29-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің үлгісінде (сипаттамасы):

2-тармақтың а) тармақшасында "KAZAKSTAN" деген сөз "KAZAKHSTAN" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 және 8-тармақтарда "Kazakstan" деген сөз "Kazakhstan" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Елдің ағылшын тілінде жазылған бұрынғы атауы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының төлқұжаттары және азаматтығы жоқ адамдардың куәліктері, сонда көрсетілген мерзімі аяқталғанға дейін күшін сақтайды.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК